3.18. Тапсырыс беруші АБК-нің тиісті кезеңін/партиясын түпкілікті қабылдаған сәтке дейін Тауардың, АБК компоненттерінің және Жұмыстардың/Қызметтердің нәтижелерінің сақталуына жауапкершілікті, сондай-ақ мұндай компоненттердің кездейсоқ жойылу, бүліну, зақымдану, жоғалу, жұмысқа қабілетсіздігі, үйлесімсіздігі немесе АБК құрамында пайдалану мүмкін еместігі тәуекелдерін Жеткізуші көтереді. Жекелеген компоненттерді, жабдықты, бағдарламалық қамтылымды, лицензияларды, жұмыстарды немесе қызметтерді қабылдаудың аралық актілеріне қол қою АБК-ні жұмысқа қабілетті кешен ретінде түпкілікті қабылдауды білдірмейді және Жеткізушіні «дайын күйінде» нәтижеге қол жеткізу жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.

3.19. Аппараттық қамтамасыз етуді (жабдықты) жеткізу Шартта немесе Шарттың №2 қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша Тапсырыс берушінің объектілеріне аппараттық қамтамасыз етуді (жабдықты) жеткізу жолымен жүзеге асырылады. Тапсырыс берушінің қоймасында жабдықтарды жеткізу, түсіру, орналастыру, сондай-ақ Тапсырыс берушінің объектілеріне жабдықты кейіннен жеткізу Жеткізуші күшімен және құралдарымен жүзеге асырылады. Жеткізу мерзімдері, соның ішінде аппараттық қамтылымды Тапсырыс берушінің объектілеріне жеткізу Шартқа №2 қосымшада келтірілген Тауарды жеткізудің және Қызметтерді көрсетудің/Жұмыстарды орындаудың келісілген жоспар-графигіне сәйкес келуге тиіс.

3.20. Жеткізуші Тапсырыс берушіге Тауарларға қажетті барлық құжаттаманы (техникалық сипаттама, пайдаланушы нұсқаулығы және т.б.) Тауармен бірге Шартқа №1 және/немесе №2 қосымшаларда көрсетілген жеткізу және Қызметтерді көрсету/Жұмыстарды орындау мерзімінде ұсынуға міндетті. Техникалық құжаттаманың тізімі Шарттың № 2 қосымшасында көрсетілген және Қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі.

3.21. Жеткізуші Тапсырыс берушіге Тауармен бірге коммерциялық инвойсты, буып-түю парағын, экспорттық декларацияны, Тауардың шығу тегі сертификатын қоса алғанда, бірақ шектелмей, барлық жөнелту (көлік) құжаттарын ұсынуға міндетті.

3.22. Қазақстан Республикасының аумағында сәйкестікті міндетті растауға (сертификаттауға) жататын барлық бағдарламалық өнімдерге, Лицензияларға және/немесе алдын ала орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуге Жеткізуші сәйкестік сертификаттарын және/немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Техникалық реттеу жүйесінің куәліктерін ұсынуы тиіс.

3.23. Тауарға, ЖІІЖ-1 АБК компоненттеріне, ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңіне/партиясына қатысты тәуекелдердің өту сәті және «дайын күйінде» («под ключ») нәтиже осы Шарттың 3.2-тармағымен анықталады.

3.24. Тауарға және ЖІІЖ-1 АБК компоненттеріне меншік құқығының өту сәті осы Шарттың 3.2-тармағымен анықталады.

3.25. Жеткізуші жеткізілетін Тауарларға және көрсетілетін/орындалатын Қызметтерге/Жұмыстарға барлық рұқсат құжаттарының болуына кепілдік береді және оны қамтамасыз етуге міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.26. Жеткізуші Тапсырыс беруші ұсынған Тауардың тиісті партиясында пайдаланылатын деректердің негізінде аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуге және Лицензияларға (аппараттық қамтамасыз етуді тиімді кәдеге жаратуды қоса алғанда) дұрыс есептеуге және дұрыс сыйымдылық талаптарын ұсынуға міндетті. Жеткізуші аппараттық және/немесе бөгде бағдарламалық қамтамасыз етуді дұрыс өлшемеген жағдайда (мысалы, сыйымдылық/өткізу қабілеті мөлшерін бағаламау), соның нәтижесінде қосымша аппараттық және/немесе бөгде бағдарламалық қамтамасыз ету талап етіледі, Жеткізуші Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде өз есебінен осындай қосымша жабдықты және/немесе бөгде бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізуге және орнатуға міндетті.

3.27. Жеткізуші кез келген жеткізілетін Тауарға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы сәйкестік сертификаттарының немесе танылған халықаралық сертификаттардың болуын қамтамасыз етуге, Тапсырыс беруші Тауарды тұрақты пайдалануға енгізу сәтінде құқық иеленушінің немесе өндірушінің кепілдігінен, өндірісінен және/немесе техникалық қолдауынан алынған моральдық-ескірген аппараттық қамтамасыз етуді (жабдықты) және басқа да техникалық құралдарды жеткізуге/пайдалануға жол бермеуге міндетті.

3.28. Тапсырыс беруші ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін, егер осы Шартқа №2 қосымшада кепілдік кезеңі басталуының өзге сәті көзделмесе, мұндай ЖІІЖ-1 АБК Кезеңіне/партиясына қатысты кепілдік кезеңі басталады. Егер Шартта және/немесе қосымшаларда тұтастай алғанда ЖІІЖ-1 АБК-ні қорытынды қабылдау көзделсе, Жеткізушінің ЖІІЖ-1 АБК-нің бірыңғай кешен ретінде жұмысқа қабілеттілігіне, үйлесімділігіне және жұмыс істеуіне қатысты кепілдік міндеттемелері ЖІІЖ-1 АБК-ні қабылдау-тапсырудың Қорытынды Түпкілікті Актісіне немесе, егер бөлек қорытынды акт көзделмесе, соңғы ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап есептелетін кепілдік мерзімі өткенге дейін сақталады. Кепілдік кезеңі ішінде Жеткізуші Тауардың жұмысындағы немесе Қызметтердегі/Жұмыстардағы барлық іркілістерді, ақауларды, қателерді жоюға/түзетуге, дара және кешенді проблемаларды шешуге, қажет болған жағдайда жабдықты немесе оның бөліктерін ауыстыруға, бағдарламалық жасақтаманы (БЖ) жаңартуға міндетті. Жеткізушінің кепілдік кезеңінде Жеткізуші жүргізген кез келген іс-әрекеттер мен жұмыстар/қызметтер үшін Тапсырыс беруші тарапынан ақы төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

3.29. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімдерде өзінің Тарапынан тиісті түрде ресімделген және қол қойылған қаржылық және басқа да құжаттарды, соның ішінде шот-фактураны, Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін, Техникалық актілерді, Қабылдау-беру актілерін, Жүкқұжаттарды, ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісін, ЖІІЖ-1 АБК қабылдау-тапсырудың Қорытынды Түпкілікті Актісін және басқа да құжаттарды ұсынуға міндетті.

3.30. Егер Жұмыстардың/Қызметтердің мұндай қосымша көлемдері Тараптармен алдын ала жазбаша түрде бекітілмесе және Шартқа қосымшаларда көрсетілмесе, Жеткізуші Жұмыстардың/Қызметтердің қосымша көлемдерін орындамайды, ал Тапсырыс беруші олар үшін төлем жасамайды.

3.31. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдында Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ қатысуы Тапсырыс берушімен алдын ала келісілетін, өзі тартқан тұлғалардың және/немесе қосалқы мердігерлердің әрекеттері/әрекетсіздігі үшін толық жауапты болады.

3.32. Жұмыстарды/Қызметтерді орындаған кезде Жеткізуші тәуелсіз мердігер болып табылады, өз персоналының немесе өзінің қосалқы мердігер(лер)і персоналының қызметін толық басқарады. Жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің бірде-бір қызметкері ешбір мағынада Тапсырыс берушінің қызметкері емес. Жеткізуші Жұмыстарды/Қызметтерді орындау тәсілдері мен әдістерін дербес айқындайды және тиісті рұқсаттарды, уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындыларын алады.

3.33. ЖІІЖ-1 АБК-ні жеткізу Техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 қосымша) көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.34. Тапсырыс беруші Жеткізушіні Тапсырыс берушінің желілік конфигурациясындағы ЖІІЖ-1 АБК жұмысына тікелей әсер етуі мүмкін барлық жоспарланған елеулі өзгерістер мен жаңартулар туралы олар енгізілгенге дейін қисынды мерзімде, ал техникалық мүмкіндік болған жағдайда — 1 (бір) күнтізбелік айдан кешіктірмей хабардар етеді. Аталған міндеттеме Тапсырыс берушінің қисынды бақылауынан тыс туындаған авариялық, шұғыл, реттеушілік, қауіпсіздікке қатысты немесе өзге де өзгерістерге қолданылмайды.

3.35. Жеткізуші Жабдықты орнату орындарын зерттеу орындалғаннан кейін Жеткізуші берген ұсынымдарға сәйкес Жабдық монтаждалатын өндірістік алаңдардың дайындығы (тиісті ғимараттар мен үй-жайлардың болуы, электр қуатының болуы, трафикпен (SPAN, RADIUS, NAT және т.б.) қамтамасыз етілуі, Жеткізуші инженерлерінің жұмыстарды жүргізу үшін алаңға кіру мүмкіндігі) туралы Тапсырыс берушіден электрондық пошта арқылы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жұмыстарды орындауға/Қызметтерді көрсетуге кіріседі.

3.36. Ақпараттық қауіпсіздік талаптары және Жеткізушінің қол жеткізу тәртібі:

3.36.1. Жеткізуші, оның қызметкерлері, өкілдері, қосалқы мердігерлері және тартылған өзге де тұлғалар осы Шартты орындау кезінде ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік, дербес деректерді қорғау, коммерциялық құпия, құпия ақпарат талаптарын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің жазбаша нысанда және/немесе электрондық пошта арқылы Жеткізушінің назарына жеткізілген ішкі саясаттарын, регламенттерін және нұсқаулықтарын сақтауға міндетті.

3.36.2. Жеткізушінің Тапсырыс берушінің үй-жайларына, жабдықтарына, ақпараттық жүйелеріне, желілік инфрақұрылымына, бағдарламалық қамтылымына, дерекқорларына, есептік жазбаларына, конфигурацияларына, журналдарына, трафигіне, CDR/IPDR, RADIUS, NAT, SPAN, қызметтік ақпаратына, дербес деректеріне, абоненттік деректеріне және өзге де ақпаратына кез келген физикалық, логикалық, желілік, қашықтан немесе әкімшілік қол жеткізуіне тек Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімі болған кезде ғана және тек осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде жол беріледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.36.3. Қол жеткізу мүмкіндігі Жеткізушіге тек Тапсырыс берушінің өтінімі/рұқсаты негізінде, қол жеткізу мақсаты, тұлғалар тізімі, қол жеткізу мерзімі, құқықтар деңгейі, пайдаланылатын техникалық құралдар, жұмыстарды орындау орны және қол жеткізу берілетін нақты жүйелер/ресурстар көрсетіле отырып беріледі. Жеткізуші берілген қол жеткізу мүмкіндігін осы Шартты орындауға байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға құқылы емес.

3.36.4. Жеткізуші Тапсырыс берушінің жүйелері мен инфрақұрылымына қол жеткізуді тек дербес сәйкестендірілген және Тапсырыс берушімен алдын ала келісілген Жеткізушінің қызметкерлері/өкілдері ғана жүзеге асыруын қамтамасыз етуге міндетті. Ортақ, иесіздендірілген, бірлескен немесе берілетін есептік жазбаларды пайдалануға тыйым салынады. Логиндерді, парольдерді, кілттерді, токендерді, сертификаттарды, VPN-қолжетімділіктерді, біржолғы кодтарды және өзге де аутентификация құралдарын үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

3.36.5. Жеткізушінің Тапсырыс берушінің жүйелеріне, жабдықтарына немесе инфрақұрылымына қашықтан қол жеткізуіне тек Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен, Тапсырыс беруші бекіткен байланыс арналарын, қорғаныс құралдарын, VPN, көпфакторлы аутентификацияны және өзге де техникалық бақылау құралдарын пайдалана отырып жол беріледі. Жеткізуші қашықтан қол жеткізудің рұқсат етілмеген арналарын өз бетінше ұйымдастыруға, өзгертуге, айналып өтуге немесе пайдалануға құқылы емес.

3.36.6. Жеткізушінің Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелеріндегі, желілік инфрақұрылымындағы, бағдарламалық қамтылымындағы және жабдықтарындағы барлық іс-әрекеттері тек келісілген жұмыстар шеңберінде ғана орындалуға, тіркелуге және, егер қолданылатын болса, журналға жазылуға тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Жеткізуші орындалған іс-әрекеттер, пайдаланылған есептік жазбалар, қол жеткізу уақыты, енгізілген өзгерістер, орнатылған компоненттер, өзгертілген баптаулар және орындалған жұмыстардың нәтижелері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті. Әрбір келісілген қол жеткізу аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша Жеткізуші орындалған іс-әрекеттер, пайдаланылған есептік жазбалар, қол жеткізудің басталу және аяқталу уақыты, енгізілген өзгерістер, орнатылған немесе жойылған компоненттер, өзгертілген баптаулар, анықталған проблемалар және орындалған жұмыстардың нәтижелері туралы есеп беруге міндетті.

3.36.7. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз мыналарға құқылы емес: 1) Тапсырыс берушінің деректерін көшіруге, жүктеп алуға, беруге, Тапсырыс берушінің инфрақұрылымынан тыс жерде сақтауға немесе пайдалануға; 2) кез келген бағдарламалық қамтылымды, скрипттерді, агенттерді, утилиталарды, қашықтан қол жеткізу құралдарын, мониторинг немесе әкімшілік ету құралдарын орнатуға; 3) желілік, жүйелік, қолданбалы, лицензиялық, криптографиялық немесе өзге де баптауларды өзгертуге; 4) қосымша есептік жазбалар құруға, қол жеткізу құқықтарын немесе қауіпсіздік саясаттарын өзгертуге; 5) қорғаныс, журналға жазу, мониторинг, вирусқа қарсы қорғаныс, қол жеткізуді бақылау құралдарын немесе ақпараттық қауіпсіздіктің өзге де тетіктерін ажыратуға, өзгертуге немесе айналып өтуге; 6) Тапсырыс берушінің инфрақұрылымына Тапсырыс берушімен келісілмеген сыртқы тасымалдағыштарды, ноутбуктерді, серверлерді, желілік жабдықтарды немесе өзге де техникалық құралдарды қосуға.

3.36.8. Жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын Жеткізушінің техникалық құралдары, соның ішінде ноутбуктер, сыртқы тасымалдағыштар, серверлер, желілік жабдықтар және өзге де құрылғылар Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс. Тапсырыс беруші, егер мұндай құралдар Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келмесе не ақпараттық қауіпсіздікке, желі жұмысының үздіксіздігіне немесе деректердің сақталуына тәуекел тудырса, Жеткізушінің кез келген техникалық құралдарын пайдаланудан бас тартуға құқылы.

3.36.9. Жеткізуші ақпараттық қауіпсіздіктің кез келген инциденті, рұқсатсыз қол жеткізу, есептік деректердің жоғалуы, зиянды бағдарламалық қамтылым, конфигурацияның қате өзгертілуі, Тапсырыс берушінің деректеріне, жүйелеріне, жабдықтарына немесе инфрақұрылымына жылыстау, көшіру, зақымдау, жою, блоктау немесе өзге де құқыққа сыйымсыз әсер ету анықталған немесе бұған күдік туындаған сәттен бастап дереу, бірақ кез келген жағдайда 2 (екі) сағаттан кешіктірмей Тапсырыс берушіге хабарлауға міндетті.

3.36.10. Ақпараттық қауіпсіздік инциденті туындаған немесе мұндай инцидентке күдік туындаған жағдайда Жеткізуші: 1) дереу оқшаулау және бұдан былайғы нұқсанның алдын алу бойынша шаралар қабылдауға; 2) журналдарды, оқиғалардың іздерін, конфигурацияларды және өзге де дәлелдемелерді сақтауға; 3) Тапсырыс берушіге инцидентті тергеуде толық жәрдем көрсетуге; 4) себептері, салдары, зардап шеккен жүйелер, Жеткізушінің іс-әрекеттері және инциденттің қайталануын болдырмау шаралары туралы жазбаша есеп ұсынуға; 5) егер инцидент Жеткізушінің, оның қызметкерлерінің, қосалқы мердігерлерінің немесе тартылған өзге де тұлғалардың кінәсінен туындаса, инциденттің салдарын өз есебінен жоюға міндетті.

3.36.11. Тапсырыс беруші, егер мұндай қол жеткізу ақпараттық қауіпсіздікке, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге, деректердің сақталуына, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын немесе Тапсырыс берушінің ішкі рәсімдерін орындауға қауіп төндірсе немесе төндіруі мүмкін болса, кез келген уақытта Жеткізушінің, оның қызметкерлерінің, өкілдерінің, қосалқы мердігерлерінің немесе тартылған өзге да тұлғалардың Тапсырыс берушінің үй-жайларына, жүйелеріне, жабдықтарына, деректеріне және инфрақұрылымына қол жеткізуін тоқтата тұруға, шектеуге немесе тоқтатуға құқылы. Мұндай қол жеткізуді тоқтата тұру, шектеу немесе тоқтату Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзуы емес.

3.36.12. Жеткізуші өзінің қызметкерлерінің, өкілдерінің, қосалқы мердігерлерінің және тартылған өзге де тұлғалардың Тапсырыс берушінің үй-жайларына, жүйелеріне, жабдықтарына, деректеріне және инфрақұрылымына қол жеткізуі кезіндегі іс-әрекеттері мен әрекетсіздігі үшін өзінің жеке іс-әрекеттері мен әрекетсіздігі сияқты толық жауапты болады.

3.36.13. Жеткізушінің осы тармақтың талаптарын бұзуы осы Шартты елеулі түрде бұзу деп танылады және Тапсырыс берушіге мынадай құқықтар береді: 1) Жеткізушінің Тапсырыс берушінің жүйелеріне, жабдықтарына, деректеріне және инфрақұрылымына қол

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жеткізуін тоқтата тұруға; 2) бұзушылықты дереу жоюды талап етуге; 3) Жеткізушінің тиісті қызметкерлерін, өкілдерін немесе қосалқы мердігерлерін ауыстыруды талап етуге; 4) Жеткізушіден келтірілген шығындарды, мемлекеттік органдардың айыппұлдарын, тергеуге, қалпына келтіруге, үшінші тұлғаларды тартуға кеткен шығыстарды және құжат жүзінде расталған өзге де шығындарды өндіріп алуға; 5) ақпараттық қауіпсіздік талаптары елеулі түрде бұзылған жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға.

3.36.14. Жеткізуші өзінің барлық қызметкерлерінің, өкілдерінің, қосалқы мердігерлерінің және тартылған өзге де тұлғалардың осы тармақтың талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларға Тапсырыс берушінің үй-жайларына, жүйелеріне, жабдықтарына, деректеріне немесе инфрақұрылымына қол жеткізу мүмкіндігі берілгенге дейін құпиялылық, ақпаратты, дербес деректерді қорғау және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау туралы міндеттемелерге қол қоюын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

4.1.2. Шарттың талаптарына және оған қосымшаларға сәйкес Тауарды және ЖІЖ-1 АБК компоненттерін жеткізуге, пайдалану құқықтарын беруге, Жұмыстарды орындауға/Қызметтерді көрсетуге, ЖІЖ-1 АБК орнатуды, баптауды, интеграциялауды, тестілеуді, сертификаттауды/сертификаттауды сүйемелдеуді, іске қосуды және «дайын күйде» кепілдікті техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге;

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.4. Жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтылыммен білікті мамандар орындауға;

4.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.10. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Тауардың, ЖІІЖ-1 АБК компоненттерінің, Жұмыстардың/Қызметтердің және ЖІІЖ-1 АБК-нің Шарт пен оған қосымшалардың талаптарына сәйкес келуі, сондай-ақ қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылуы шартымен, Тапсырыс берушіден оларды осы Шартта көзделген тәртіппен уақтылы қабылдауды талап етуге;

4.2.9. Тапсырыс берушімен келісу бойынша Жабдықты жеткізу графигін өзгертуге, бұл ретте осы Шартта белгіленген әрбір Кезең бойынша мерзімдер бұзылмауға тиіс.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Жеткізуші жеткізген, ЖІІЖ-1 АБК компоненттерін, Жұмыстарды/Қызметтерді және ЖІІЖ-1 АБК-ні Шарттың, Техникалық ерекшеліктің шарттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және уәкілетті мемлекеттік органдардың міндетті талаптарына сәйкес келуі шартымен және белгіленген тәртіппен қабылдауға.

4.3.3. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.4. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.5. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Жеткізушіден Шартқа, Техникалық ерекшелікке, Қазақстан Республикасының заңнамасына және уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес келетін тиісті сападағы, сандағы, құрамдағы, функционалдылықтағы және жиынтықтылықтағы Тауарды, ЖІІЖ-1 АБК компоненттерін, Жұмыстарды/Қызметтерді және ЖІІЖ-1 АБК-ні алуға.

4.4.3. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

4.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.5. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.6. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.7. Тапсырыс беруші Мердігердің елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген Тауарды және Қызметтерді/Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі қарау жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады. Тауарды (аппараттық қамтамасыз ету (жабдық), бағдарламалық қамтамасыз ету және Лицензиялар) және Қызметтерді/Жұмыстарды (өткізу және енгізу, техникалық қолдау) қабылдаудың сипаттамасы осы Шарттың 5.3-5.7-тармақтарында көрсетілген.

5.3. Саны бойынша аппараттық қамтамасыз етуді (жабдықты) қабылдау.

5.3.1. Осы шартқа №2 қосымшада көрсетілген жеткізу мекенжайы бойынша Аппараттық қамтамасыз етуді (жабдықты) толық және/немесе ішінара (Тапсырыс берушімен келісім бойынша) жеткізу фактісі бойынша Жеткізуші Тапсырыс берушіге өз тарапынан қол қойылған Жүкқұжатты және Аппараттық қамтамасыз етуді (жабдықты) саны бойынша қабылдау-тапсыру актісін екі данасын ұсынады. Жүкқұжат және Акт жеткізілген Аппараттық қамтамасыз етудің (жабдықтың) толық тізбесін қамтуы тиіс. Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде Аппараттық қамтамасыз етудің (жабдықтың) тізбеге сәйкестігін тексереді және алшақтықтар болмаған кезде Жүкқұжатқа және саны бойынша қабылдау-беру актісіне қол қояды.

5.3.2. Аппараттық қамтамасыз етуді (жабдықты) жеткізу басталғанға дейін Жеткізуші Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес тауарға ілеспе құжатты («буып-түю парағын») ұсынады.

5.4. Шарттың 1.9-тармағы сақтала отырып, ішінара жеткізілген жағдайда, Тауардың, ЖІІЖ-1 АБК компоненттерінің, Жұмыстардың/Қызметтердің тиісті бөлігіне немесе жекелеген Кезеңге төлем жасау осы Шарттың 2.6 -тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Тауарды, ЖІІЖ-1 АБК компоненттерін, Жұмыстарды/Қызметтерді немесе жекелеген Кезеңді ішінара төлеу ЖІІЖ-1 АБК-ні бірыңғай жұмысқа қабілетті кешен ретінде түпкілікті қабылдауды білдірмейді, “дайын күйінде” нәтижеге қол жеткізілгенін растамайды және Жеткізушіні орнату, баптау, интеграциялау, тестілеу, сертификаттау, пайдалануға беру, кемшіліктерді жою және кепілдікті техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерден босатпайды.

5.5. Бағдарламалық қамтамасыз етуді, Лицензияларды қабылдау

5.5.1. Бағдарламалық қамтамасыз етуді, Тауардың әрбір партиясы бойынша Лицензияларды қабылдау Бағдарламалық қамтамасыз етуді қабылдау-беру актісі (Лицензиялар) және жүкқұжат немесе Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі және Жүкқұжат бойынша жүзеге асырылады.

5.5.2. Тараптар қол қойған бағдарламалық қамтамасыз етуді қабылдау-беру актілері, Лицензиялар Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша Жеткізуші жасайтын құжаттар болып табылады. Тапсырыс беруші Бағдарламалық қамтамасыз етуді (Лицензияларды) қабылдау-беру актісіне оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қояды.

5.6. Сату және енгізу жөніндегі Қызметтерді/Жұмыстарды қабылдау.

5.6.1. Тауардың, АБК іске асыру және енгізу жөніндегі қызметтердің әр партиясына қатысты орындалғаннан кейін Жеткізуші осы Қызметтерді//Жұмыстарды қабылдауға ұсынады, Орындалған жұмыстардың/қызметтердің техникалық актісінің (бұдан әрі - Техникалық акт) екі данасын жасайды және Тапсырыс берушіге ұсынады. Техникалық актіде орындалған жұмыстардың/Қызметтердің толық нақтылануы болуы тиіс. Техникалық актінің нысаны осы Шарттың № 2 қосымшасына сәйкес қосымшаларда көзделген.

5.6.2. Тапсырыс беруші алған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде талаптары болмаған жағдайда Техникалық актіге қол қоюы немесе Жеткізушіге түзетуге жататын кемшіліктердің тізбесін көрсете отырып, қол қоюдан дәлелді бас тартуды жіберуі тиіс.

5.6.3. Жеткізуші Тапсырыс берушіден дәлелді бас тартуды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген кемшіліктерді/сәйкессіздіктерді жоюға міндетті және Қызметтерді/Жұмыстарды қабылдау үшін Техникалық актіні қайта ұсынады.

5.6.4. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне Тапсырыс беруші АБК қабылдау кезеңінде және қол қойылған Техникалық акт болған кезде қол қояды. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісінде қол қойылған Техникалық актіге сәйкес көрсетілген Қызметтердің/Жұмыстардың атауы көрсетіледі және Тараптар Шарт шеңберінде көрсету қажет деп санайтын кез келген басқа ақпарат енгізілуі мүмкін. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне шағым болмаған жағдайда оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қояды не Жеткізушінің түзетуіне жататын кемшіліктер тізбесін көрсете отырып, Жеткізушіге оған қол қоюдан дәлелді бас тартуды жібереді.

5.6.5. Қызметтер/Жұмыстар Тараптар тиісті Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қойғаннан және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Пайдалануға беру актісін алғаннан кейін қабылданды деп есептеледі.

5.6.6. Егер Қызметтерді/Жұмыстарды қайта қабылдау кезінде кемшіліктер жойылғаннан кейін олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе және оларды Тапсырыс беруші қабылдамаса, онда Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартуға және Жеткізушіден келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.6.7. ЖІІЖ-1 АБК-нің жекелеген Кезеңін/партиясын аяқтаумен тікелей байланысты емес Жұмыстар/Қызметтер, соның ішінде сүйемелдеу қызметтері, консультациялық қызметтер, баптау, енгізу, пысықтау, техникалық қолдау көрсету бойынша жекелеген жұмыстар немесе Шартта және/немесе оған қосымшаларда көзделген өзге де Жұмыстар/Қызметтер Тапсырыс берушімен тиісті есепті кезең, өтінім, Жұмыстардың/Қызметтердің көлемі немесе Тараптар келіскен Жеткізуші міндеттемелерінің өзге де бөлігі үшін Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі негізінде қабылданады. Мұндай Жұмыстар/Қызметтер бойынша Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қою ЖІІЖ-1 АБК-ні «дайын күйінде» бірыңғай жұмысқа қабілетті кешен ретінде түпкілікті қабылдауды білдірмейді және Жеткізушіні Шарт нәтижесіне қол жеткізу, кемшіліктерді жою, қабылдаудан, сертификаттаудан, сынақтардан, келісулерден өту және кепілдік міндеттемелерін орындау жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.

5.7. АБК қабылдау.

5.7.1. Қабылдау Тауардың әрбір партиясын жеткізу, АБК-ні іске асыру және енгізу бойынша Жұмыстарды орындау/Қызметтерді көрсету, сондай-ақ АБК-ні пайдалануға беру толық көлемде аяқталғаннан кейін Тауардың/АБК-нің әрбір партиясы бойынша жүзеге асырылады.

5.7.2. АБК-нің өзара іс-қимыл жасайтын және/немесе өзара байланысты компоненттерін қабылдау АБК-нің тиісті жұмысын қамтамасыз етудің технологиялық және функционалдық талаптарына сәйкес бір уақытта және/немесе дәйекті түрде жүргізілуге тиіс.

5.7.3. Жеткізушінің ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңі/партиясы бойынша міндеттемелері, кепілдікті техникалық қолдау көрсету жөніндегі міндеттемелерді және өзінің табиғаты бойынша қабылдаудан кейін күшін сақтайтын өзге де міндеттемелерді қоспағанда, тиісті ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын қабылдау сәтті жүргізілгеннен және Тараптар ЖІІЖ-1 АБК Кезеңінің/партиясының түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін орындалды деп есептеледі. ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қою, егер Шартта және/немесе қосымшаларда ЖІІЖ-1 АБК-нің бірнеше Кезеңі/партиясы немесе тұтастай алғанда ЖІІЖ-1 АБК-ні қорытынды қабылдау көзделсе, ЖІІЖ-1 АБК-ні тұтастай алғанда бірыңғай дайын күйіндегі нәтиже ретінде қабылдауды білдірмейді. ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-тапсыру актілерін Жеткізуші дайындайды және Тапсырыс берушіге екі данада ұсынады. Тапсырыс беруші наразылықтар болмаған жағдайда ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қол қояды немесе дәл осы мерзімде Жеткізушіге кемшіліктердің/сәйкессіздіктердің тізбесін көрсете отырып, дәлелді бас тартуды жібереді, оларды Жеткізуші 10 (он) жұмыс күні ішінде жоюға міндетті.

5.7.4. Кемшіліктер/сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін Жеткізуші Тапсырыс берушіге қол қою үшін ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-беру актісінің немесе, егер қолданылатын болса, ЖІІЖ-1 АБК-ні қабылдау-тапсырудың Қорытынды Түпкілікті Актісінің екі данасын қайта ұсынады.

5.7.5. Жабдықты монтаждау кезеңінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге Бағдарламалық қамтамасыз етуді қабылдау-беру актісі бойынша Тапсырыс беруші бұрын қабылдаған бағдарламалық қамтамасыз етуі және Лицензиялары бар сыртқы ақпараттық жеткізгіштерді беруге міндеттенеді. Көрсетілген сыртқы ақпараттық жеткізгіштерді мұндай беру Жеткізушінің бағдарламалық қамтамасыз етуді, Лицензияларды орнату және АБК инсталляциялау, интеграциялау, іске қосу-реттеу қызметтерін орындау мақсаттары үшін оларды пайдалану үшін ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте бағдарламалық қамтылым, Лицензиялар Жеткізуші тарапынан Тапсырыс берушіге тиісті ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын қабылдау сәтті жүргізілгеннен және Тараптар ЖІІЖ-1 АБК Кезеңінің/партиясының түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін ғана біржолата берілді деп есептеледі.

5.7.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына, ұлттық қауіпсіздік органдарын қоса алғанда, уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарына, осы Шарттың шарттарына және/немесе Техникалық ерекшелікке сәйкес АБК-ні қабылдау, пайдалануға беру немесе пайдалану уәкілетті мемлекеттік органдардан сынақтар, тексерулер, келісулер жүргізуді, сертификаттауды, сәйкестікті растауды, қорытындылар, актілер, рұқсаттар немесе өзге де құжаттар алуды талап ететін жағдайда, Тапсырыс берушінің АБК-ні қабылдауы мұндай рәсімдер сәтті өткеннен және тиісті растаушы құжаттар алынғаннан кейін ғана аяқталды деп есептеледі.

5.7.6.1. Тараптар ЖІІЖ-1 АБК-ні сынақ мерзіміне және тұрақты пайдалануға берудің әкімшілік-құқықтық рәсімі, соның ішінде ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесімен өзара іс-қимыл жасау және жабдық иесі тарапынан тиісті актілерге қол қою, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен байланыс операторы және жабдық иесі ретінде Тапсырыс беруші тарапынан жүзеге асырылатынын таниды. Аталған мән-жай Жеткізушіні ЖІІЖ-1 АБК-дің сынақ мерзіміне және тұрақты пайдалануға техникалық дайындығын қамтамасыз ету, қажетті құжаттарды дайындау және ұсыну, баптауды, интеграцияны, тестілеуді және пысықтауларды орындау, сынақтар мен тексерулерге қатысу, уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Тапсырыс берушіні сүйемелдеу, сондай-ақ Тауарға, жабдыққа, бағдарламалық жасақтамаға, Лицензияларға, құжаттамаға не Жеткізушінің Жұмыстарына/Қызметтеріне байланысты барлық ескертулерді, кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді жою міндетінен босатпайды.

5.7.7. Егер мұндай өзара іс-қимыл АБК-ні жеткізумен, енгізумен, пайдалануға берумен, пайдаланумен немесе сертификаттаумен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

байланысты болса, Жеткізуші өз есебінен және өз күшімен барлық техникалық, пайдалану, жобалау, лицензиялық, сертификаттау құжаттарын және өзге де құжаттарды дайындауды, қажетті пысықтауларды, баптауларды, сынақтарды жүргізуді, ескертулерді жоюды, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарын қоса алғанда, уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Тапсырыс берушіні толық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге міндетті.

5.7.8. Егер осы Шарттың 5.7.6-тармағында көрсетілген міндетті рәсімдер аяқталмаса, АБК-нің жекелеген компоненттерін, жабдықты, бағдарламалық қамтылымды, лицензияларды, жұмыстарды немесе қызметтерді қабылдаудың қол қойылған актілерінің болуы АБК-ні бірыңғай жұмысқа қабілетті кешен ретінде түпкілікті қабылдауды білдірмейді.

5.7.9. АБК-нің, Тауардың, бағдарламалық қамтылымның, лицензиялардың, жұмыстардың, қызметтердің, құжаттаманың немесе Жеткізуші іс-әрекеттерінің осы Шарттың, Техникалық ерекшеліктің, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына не уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты себептер бойынша АБК-нің міндетті сынақтардан, тексерулерден, келісулерден, сертификаттаудан немесе сәйкестікті растаудың өзге де рәсімдерінен өтпеуі Жеткізушінің Шартты елеулі түрде бұзуы деп танылады және Тапсырыс берушіге Шартты орындаудан бас тартуға, төленген сомаларды қайтаруды, Жеткізушінің есебінен Тауарды демонтаждауды және әкетуді, сондай-ақ шығындарды өтеуді талап етуге құқық береді.

5.7.10. ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңі/партиясы мынадай шарттар бір мезгілде орындалған кезде ғана Тапсырыс беруші сәтті қабылдады деп есептеледі: 1) ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңіне/партиясына қатысты барлық Тауарлар мен ЖІІЖ-1 АБК компоненттері жеткізілді; 2) ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңіне/партиясына қатысты Бағдарламалық қамтылым мен Лицензияларды пайдаланудың барлық құқықтары берілді; 3) ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңін/партиясын орнату, баптау, интеграциялау, тестілеу және пайдалануға беру бойынша барлық Жұмыстар/Қызметтер орындалды; 4) ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңі/партиясы ЖІІЖ-1 АБК-нің жұмысқа қабілетті бөлігі ретінде жұмыс істейді және Техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келеді; 5) Тапсырыс беруші және/немесе уәкілетті мемлекеттік органдар анықтаған барлық ескертулер, ақаулар мен сәйкессіздіктер жойылды; 6) ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңін/партиясын пайдалану үшін қажетті барлық міндетті сертификаттар, қорытындылар, келісулер, актілер, рұқсаттар және өзге де құжаттар алынды; 7) ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңіне/партиясына қатысты барлық техникалық, пайдалану, лицензиялық, жобалау құжаттамасы және өзге де құжаттама берілді; 8) ЖІІЖ-1 АБК-нің тиісті Кезеңінің/партиясының түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылды ЖІІЖ-1 АБК тұтастай алғанда барлық ЖІІЖ-1 АБК Кезеңдері/партиялары аяқталғаннан, олардың бірлескен жұмысқа қабілеттілігі расталғаннан, осы Шартта және қосымшаларда көзделген ЖІІЖ-1 АБК-ні сәтті қабылдаудың барлық критерийлері орындалғаннан және ЖІІЖ-1 АБК-ні қабылдау-тапсырудың Қорытынды Түпкілікті Актісіне немесе, егер бөлек қорытынды акт көзделмесе, соңғы ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін ғана бірыңғай дайын күйіндегі нәтиже ретінде Тапсырыс беруші сәтті қабылдады деп есептеледі.

5.8. АБК-ні кепілдіктен кейінгі техникалық қолдау көрсету қызметтерін қабылдау Осы тармақтың ережелері ЖІІЖ-1 АБК-ны кепілдіктен кейінгі техникалық қолдау көрсету Қызметтері/Жұмыстары Шартқа №1 Қосымшада және/немесе №2 Қосымшада тікелей көзделген жағдайда ғана қолданылады.

5.8.1. ЖІІЖ-1 АБК-ны кепілдіктен кейінгі техникалық қолдау көрсету Қызметін/Жұмысын қабылдау бір күнтізбелік айды құрайтын әрбір Есепті кезең аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Жеткізуші Есептік кезең аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге келесілерді беруге міндетті: - Жеткізушінің қолы қойылған 2 данада орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісінде көрсетілген Қызметтердің атауы көрсетіледі және Тараптар Шарт шеңберінде көрсету қажет деп санайтын кез келген басқа ақпарат енгізілуі мүмкін;

5.8.2. Тапсырыс беруші алған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде талаптары болмаған жағдайда Актіге қол қоюы немесе Жеткізушіге түзетуге жататын кемшіліктердің тізбесін көрсете отырып, қол қоюдан дәлелді бас тартуды жіберуі тиіс.

5.8.3. Жеткізуші Тапсырыс берушіден дәлелді бас тартуды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген кемшіліктерді/сәйкессіздіктерді жоюға міндетті және Қызметтерді/Жұмыстарды қабылдау үшін Актіні қайта ұсынады.

5.8.4. Қызметтер/Жұмыстар Тараптар жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) аяқтау туралы тиісті актісіне қол қойғаннан кейін қабылданған болып саналады.

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Жеткізуші жеткізілетін Тауар мен Көрсетілетін Жұмыстарға/Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін Тауар мен Көрсетілетін Жұмыстардың/Қызметтердің сапасы мен функционалдығына кепілдік береді. Жеткізуші Тауар мен Жұмыстардың/Қызметтердің жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциямен, материалдармен немесе жұмыспен/қызметпен байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді. Жеткізуші жеткізілетін тауарлардың функционалдығы сатып алынған тауарлармен бірге ұсынылатын техникалық құжаттамаға, ерекшеліктер мен сипаттамаларға сәйкес келетініне кепілдік береді.

6.2. Жеткізушінің Жұмыстарды/Қызметтерді көрсетуі үшін жеткілікті техникалық білімі, қаржылық мүмкіндіктері, әкімшілік-басқару дағдылары, Жеткізушінің тәжірибелі, құзыретті және білікті персоналы, сондай-ақ Шарт бойынша өз міндеттері мен міндеттемелерін орындау үшін қажетті техника мен құралдары болады және пайдаланады.

6.3. Жеткізуші Тауар орналасқан барлық жерлерде техникалық қолдау Жұмыстарын орындау/қызметтерін көрсету үшін материалдық-техникалық базаның болуына кепілдік береді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.4. Егер Жұмыстардағы ақаулықтарды жою бойынша кешіктіру Мердігердің кінәсінен орын алатын болса, онда кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

6.5. Тапсырыс беруші осы Шартқа №2 қосымшада көрсетілген кепілдік кезеңі ішінде, екі Тарап тиісті ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-беру актісіне немесе, егер қолданылатын болса, ЖІІЖ-1 АБК-ні қабылдау-тапсырудың Қорытынды Түпкілікті Актісіне қол қойған сәттен бастап, кез келген сапассыз, ақаулы, бұзылған Тауарды/Компонентті Жеткізушінің есебінен Жеткізушіге қайтару құқығын өзіне қалдырады және Жеткізуші мұндай Тауарды/Компонентті осы Шартта, №2 қосымшада және/немесе SLA-де көзделген мерзімдерде өз есебінен ауыстыруға міндетті, ал егер мұндай мерзімдер белгіленбесе — Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарын сақтау үшін өзге неғұрлым қысқа мерзім талап етілмесе, Тапсырыс берушінің тиісті талабын алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ауыстыруға міндетті.

6.6. Тиісті ЖІІЖ-1 АБК Кезеңіне/партиясына, Тауарға, ЖІІЖ-1 АБК компоненттеріне және мұндай Кезеңге/партияға қатысты Жұмыстарға/Қызметтерге кепілдік мерзімі, егер осы Шартқа №2 қосымшада өзгеше мерзім көзделмесе, тиісті ЖІІЖ-1 АБК Кезеңінің/партиясының түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап қолданыла бастайды. Тұтастай алғанда бірыңғай дайын күйіндегі жұмысқа қабілетті кешен ретінде ЖІІЖ-1 АБК-ге қатысты кепілдік мерзімі ЖІІЖ-1 АБК-ні қабылдау-тапсырудың Қорытынды Түпкілікті Актісіне немесе, егер бөлек қорытынды акт көзделмесе, соңғы ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап қолданыла бастайды.

6.7. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауардың, ЖІІЖ-1 АБК компонентінің ақаулары немесе олардың Шарт шарттарына сәйкес келмеуі анықталса, Жеткізуші өз есебінен ақауды жоюға немесе ақаулы Тауарды/Компонентті осы Шартта, №2 қосымшада және/немесе SLA-де көзделген мерзімдерде жаңасына ауыстыруға міндетті, ал егер мұндай мерзімдер белгіленбесе — Тапсырыс беруші тиісті талапты қойған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ауыстыруға міндетті. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру жөніндегі барлық шығыстарды Жеткізуші көтереді.

6.8. Жеткізуші жаңа, бұрын қолданылмаған (пайдаланылған) Тауарды жеткізуді жүзеге асыратынына кепілдік береді. Тауардың саны, номенклатурасы Шартқа сәйкес келуге тиіс.

6.9. Жеткізуші Тапсырыс берушіге кіріктірілген бағдарламалық жасақтаманы қоса алғанда (шарт талаптарында) тауарларды пайдалануға құқықтар беруге барлық қажетті өкілеттіктерге ие екендігін мәлімдейді және кепілдік береді. Егер Тапсырыс берушіге тауардағы кіріктірілген бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға қатысты кез келген үшінші тұлғалардан шағым/талап қою берілсе, Жеткізуші мұндай шағымдарды/талап қоюларды дербес және өз есебінен шешуге және Тапсырыс берушіні олардан қорғауға, сондай-ақ Тапсырыс берушіге барлық шығыстар мен нақты залалды өтеуге міндеттенеді

6.10. Кепілді кезең ішінде Жеткізуші Шарттың № 2 қосымшасында техникалық қолдау қызметтері үшін көзделген шарттарды, мерзімдер мен талаптарды сақтай отырып, АБК-ні кепілді техникалық қолдауды жүзеге асыруға міндетті.

6.11. Кепілді техникалық қолдау және қызмет көрсету шеңберінде Жеткізуші кепілді кезең ішінде АБК және оның кез келген құрамдас бөлігінің, жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыз етудің, Лицензиялардың жұмысындағы кез келген қателерді/ақауларды Шарттың № 2 Қосымшасында кепілді техникалық қолдау көрсету үшін көзделген мерзімдерде жоюға/түзетуге міндетті.

6.12. Тауарды және Қызметтерді/Жұмыстарды кепілді техникалық қолдаумен және қызмет көрсетумен байланысты барлық шығыстарды Тапсырыс беруші төлеуге, өтеуге немесе өтеуге жатпайтын өз қаражаты есебінен Жеткізуші көтереді.

6.13. Жеткізуші, Жеткізушінің персоналы және оның қосалқы мердігерлік ұйымдары Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі қолданыстағы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ жалпы қабылданған салалық нормалар мен ғылыми негізделген техникалық қағидаттарға сәйкес Тауарларды жеткізуді және Қызметтерді/жұмыстарды қауіпсіз, адал, білікті және жоғары кәсіби деңгейде көрсетеді/орындайды.

6.14. Айрықша құқықтар

6.14.1. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының аумағында бағдарламалық қамтамасыз етуге, Лицензияларға және осы Шарт бойынша ұсынылатын Қызметтердің/Жұмыстардың басқа да түпкілікті нәтижелеріне қатысты пайдалану құқықтарын беру жөніндегі құқықтары мен өкілеттіктері болуына кепілдік береді. Бұдан басқа, Жеткізуші Қызметтердің/Жұмыстардың түпкілікті нәтижелері қандай да бір қолданыстағы патенттің ережелерін, тіркелген дизайнды, авторлық құқықтарды немесе үшінші тұлғаларға тиесілі өзге де Зияткерлік меншік құқықтарын бұзбайтынына кепілдік береді.

6.14.2. Жеткізуші осы Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған Шығу тегі сертификатын және/немесе кез келген басқа ресми құжатты Тапсырыс берушіге береді.

6.14.3. Жеткізушінің форс-мажор оқиғаларының басталу себебінен туындаған осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындауы мүмкін болмаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге АБК-ге арналған техникалық құжаттаманың сипаттамасын қоса алғанда, бағдарламалық қамтамасыз етудің толық сипаттамасын, Тауарлар жеткізілген және Қызметтер/Жұмыстар басталған сәтте көрсетілген/орындалған бөлігінде АБК архитектурасын береді. Жеткізуші тарапынан қолдау көрсету тоқтатылған, Жеткізуші АБК-ні сүйемелдеу құқығынан айырылған, ол банкроттыққа ұшыраған, таратылған, санкциялық шектеулер қойылған, SLA талаптары елеулі түрде бұзылған немесе Шартты орындаудан бас тартылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге АБК-ні өз бетінше пайдалану немесе сүйемелдеу үшін үшінші тұлғаны тарту үшін қажетті техникалық және пайдалану құжаттамасының, конфигурациялардың,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

нұсқаулықтардың, интеграциялау схемаларының, API/интерфейстер сипаттамаларының, баптаулардың резервтік көшірмелерінің және өзге де материалдардың толық жиынтығын беруге міндетті.

6.14.4. Бағдарламалық қамтамасыз етуге (оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқаларының бастапқы және объектілік кодына) зияткерлік меншік құқығы, оның ішінде, бірақ кез келген және барлық жаңартулармен, жаңғыртумен, туынды өнімдермен, бағдарламалық қамтамасыз етуге байланысты өзгерістермен немесе жақсартулармен шектелмей, Жеткізуші Тапсырыс берушіге осы Шартта көзделген тәртіппен және көлемде зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқығын береді.

6.15. Жеткізуші шартқа қол қою үшін тиісті құқықтар мен өкілеттіктерге ие екендігін мәлімдейді және кепілдік береді.

6.16. Ұсынылған бағдарламалық қамтамасыз етуге және АБК үшін Лицензияларға, бағдарламалық қамтамасыз етудің және Лицензияның барлық белгіленген, жаңартылған және жетілдірілген нұсқаларына қандай да бір күмәнді болдырмау үшін Тапсырыс берушіге осындай бағдарламалық қамтамасыз етуді және Лицензияларды тұрақты (лицензиялардың мерзімі) пайдалану кезеңінде қолданыстағы барлық жаңартулар мен жетілдірулері бар қайтарып алынбайтын пайдалану құқығы (лицензиялар) беріледі.

6.17. Жеткізуші бағдарламалық қамтамасыз етуге және Лицензияларға қол жеткізу, оны жаңарту және/немесе жетілдіру үшін, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етуді және Тапсырыс берушіге Лицензияларын пайдалану құқығын беру үшін тиісті өкілеттіктерге ие екендігін мәлімдейді және кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігер:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеде белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Мердігер орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.3. Тауарды, оның бөлігін, партиясын, жабдықты, бағдарламалық жасақтаманы, Лицензияларды, құжаттаманы немесе осы Шартта және/немесе оған қосымшаларда көзделген АБК-нің өзге де компоненттерін жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін Жеткізуші Тапсырыс берушіге мерзімінде жеткізілмеген Тауардың, бөліктің, партияның, жабдықтың, бағдарламалық жасақтаманың, Лицензиялардың, құжаттаманың немесе АБК-нің тиісті компоненті құнының 0,1% мөлшерінде әрбір өткізіп алған күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді, бірақ тиісті мерзімі өткен міндеттеме құнының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.2.4. Жұмыстарды орындау/Қызметтерді көрсету мерзімдерін, соның ішінде АБК-ні іске асыру, енгізу, орнату, баптау, интеграциялау, тестілеу, пайдалануға беру немесе жекелеген Кезеңді орындау мерзімдерін бұзғаны үшін Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісті мерзімінде орындалмаған Жұмыстардың/көрсетілмеген Қызметтердің немесе тиісті Кезең құнының 0,1% мөлшерінде әрбір өткізіп алған күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді, бірақ тиісті мерзімі өткен міндеттеме құнының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.2.5. Егер Жеткізушінің Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындау, Қызметтерді көрсету, Кезеңді аяқтау, АБК-ні пайдалануға беру немесе кемшіліктерді жою бойынша мерзімді өткізіп алуы 5 күнтізбелік күннен асып кетсе, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша мыналарға құқылы: 1) тұрақсыздық айыбын есептей отырып, Шартты орындауды жалғастыруға; 2) тиісті Тауарды, Жұмыстарды, Қызметтерді, АБК Кезеңін немесе партиясын қабылдаудан бас тартуға; 3) егер мұндай мерзімді өткізіп алу Шарт нәтижесіне қол жеткізуге кедергі келтірсе, жобаның аса маңызды мерзімін бұзса, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарын бұзу тәуекелін тудырса, Шартты толықтай немесе оның тиісті бөлігінде орындаудан бас тартуға; 4) төленген ақшалай қаражатты қайтаруды, жеткізілген Тауарды Жеткізушінің есебінен демонтаждауды және әкетуді талап етуге; 5) Жеткізушіден тиісті мерзімі өткен міндеттеме құнының 10%-ы мөлшерінде, ал егер бұзушылық тұтастай алғанда Шарт нәтижесіне қол жеткізуге кедергі келтірсе, Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға.

7.2.6. Осы Шартта және/немесе оған қосымшаларда көзделген құжаттарды, соның ішінде шотты, электрондық шот-фактураны, Қабылдау-тапсыру актісін, Орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің актісін, Техникалық актіні, ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісін, ЖІІЖ-1 АБК-ні қабылдау-тапсырудың Қорытынды Түпкілікті Актісін, тауарлық жүккұжатты, ішінара елдік құндылық үлесінің есебін, сертификаттарды, декларацияларды, лицензияларды, рұқсат құжаттарын, нотификацияларды, техникалық, пайдалану, лицензиялық және өзге де құжаттаманы ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін Жеткізуші Тапсырыс берушіге ұсынылмаған құжат қатысты болатын тиісті міндеттеме құнының 0,1% мөлшерінде әрбір өткізіп алған күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді, бірақ мұндай міндеттеме құнының 10%-ынан аспауға тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.7. Тауарды, Жұмыстарды, Қызметтерді, бағдарламалық жасақтаманы, Лицензияларды, құжаттаманы, жекелеген Кезеңді немесе тұтастай алғанда АБК-ні қабылдау кезінде анықталған Тапсырыс берушінің ескертулерін, кемшіліктерді, ақауларды, сәйкессіздіктерді, қателерді жою мерзімдерін бұзғаны үшін Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісті Тауар, Жұмыстар, Қызметтер, АБК Кезеңі немесе партиясы құнының 0,1% мөлшерінде әрбір өткізіп алған күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді, бірақ тиісті міндеттеме құнының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.2.8. Кепілдік кезеңі ішінде АБК жұмысындағы қателерді, ақауларды, бұзылуларды, іркілістерді, инциденттерді немесе өзге де жұмысқа қабілеттілік бұзылуларын жою мерзімдерін бұзғаны үшін Жеткізуші осы Шартта және/немесе №2 қосымшада көзделген кепілдікті техникалық қолдау көрсету және SLA шарттарына сәйкес жауапты болады. Егер №2 қосымшада жауапкершіліктің арнайы мөлшері көзделмесе, Жеткізуші Тапсырыс берушіге АБК-нің тиісті партиясы немесе тиісті Кезең құнының 0,1% мөлшерінде әрбір өткізіп алған күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді, бірақ АБК-нің тиісті партиясы немесе Кезеңі құнының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.2.9. Сапассыз, жиынтықталмаған, ақаулы, зақымдалған, пайдаланылған (бұрын қолданыста болған), моральдық тұрғыдан ескірген, өндірістен шығарылған, қолдау көрсетуден алынған, сертификатталмаған не Шарттың, Техникалық ерекшеліктің шарттарына, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына не уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес келмейтін Тауар, жабдық, бағдарламалық жасақтама, Лицензиялар немесе АБК жеткізілген жағдайда, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша мыналарға құқылы: 1) тиісті Тауарды, Жұмыстарды, Қызметтерді немесе АБК-ні қабылдаудан бас тартуға; 2) Жеткізушінің есебінен ауыстыруды талап етуге; 3) кемшіліктерді өтеусіз жоюды талап етуге; 4) құнын бара-бар азайтуды талап етуге; 5) Шартты толықтай немесе оның тиісті бөлігінде орындаудан бас тартуға; 6) Жеткізушіден мұндай бұзушылықтан келтірілген шығындарды өндіріп алуға.

7.2.10. Егер Тауар, бағдарламалық жасақтама, Лицензиялар, Жұмыстар, Қызметтер немесе АБК Қазақстан Республикасының заңнамасында, уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарында, осы Шартта немесе Техникалық ерекшелікте көзделген міндетті сертификаттаудан, сынақтардан, келісуден, нотификациядан, тексеруден немесе сәйкестікті растаудың өзге де рәсімдерінен Жеткізушіге байланысты себептер бойынша өтпесе, мұндай бұзушылық Шартты елеулі түрде бұзу деп танылады. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Шартты толықтай немесе оның тиісті бөлігінде орындаудан бас тартуға, төленген барлық ақшалай қаражатты қайтаруды, Жеткізушінің есебінен Тауарды демонтаждауды және әкетуді талап етуге, сондай-ақ Жеткізушіден Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл мен келтірілген шығындарды өндіріп алуға құқылы.

7.2.11. Жеткізушінің өз міндеттемелерін бұзуы салдарынан Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан жағдайда, сондай-ақ Тапсырыс берушінің өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзуы салдарынан Жеткізушінің мұндай бас тартуы үшін рұқсат етілген негіздер ретінде осы Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте, егер жұмысқа қабілетті АБК түріндегі Шарт нәтижесіне дайын күйінде қол жеткізілмесе, Тапсырыс беруші жеткізілген және/немесе қабылданған Тауарды, жабдықты, бағдарламалық жасақтаманы, Лицензияларды және АБК-нің өзге де компоненттерін Жеткізушіге қайтаруға құқылы, ал Жеткізуші Тапсырыс берушінің тиісті талабын алған күннен бастап 5 банктік күн ішінде өз есебінен демонтаждауды, тиісті Тауарды әкетуді жүзеге асыруға және Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде төлеген барлық ақшалай қаражатты қайтаруға міндетті.

7.2.12. Жеткізуші зияткерлік меншік құқықтарына, лицензиялық құқықтарға, бағдарламалық жасақтаманы, жаңартуларды, құжаттаманы немесе зияткерлік меншіктің өзге де объектілерін пайдалану құқықтарына қойылатын талаптарды бұзған жағдайда, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Тауарды, бағдарламалық жасақтаманы, Лицензияларды, Жұмыстарды, Қызметтерді немесе АБК-ні пайдалануға байланысты үшінші тұлғалар тарапынан наразылықтар, талаптар немесе талап қоюлар ұсынылған жағдайда, Жеткізуші мұндай наразылықтарды, талаптарды немесе талап қоюларды дербес және өз есебінен реттеуге, Тапсырыс берушіге тиісті объектілерді бұдан былай да заңды түрде пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды, шығыстарды, сот шығындарын, айыппұлдарды, өтемақыларды және құжат жүзінде расталған өзге де шығындарды өтеуге міндетті.

7.2.13. Жеткізуші, оның қызметкерлері, өкілдері, қосалқы мердігерлері немесе тартылған өзге де тұлғалар құпиялылық, ақпараттық қауіпсіздік, дербес деректерді, абоненттік деректерді, коммерциялық құпияны қорғау талаптарын, Тапсырыс берушінің үй-жайларына, жабдықтарына, ақпараттық жүйелеріне, желілік инфрақұрылымына, деректеріне немесе өзге де ақпаратына қол жеткізу тәртібін бұзған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге мұндай бұзушылықтан келтірілген барлық шығындарды, инциденттің салдарын тергеуге, оқшаулауға және жоюға, жүйелер мен деректерді қалпына келтіруге, сыртқы консультанттарды, аудиторларды, техникалық мамандарды тартуға кеткен шығыстарды, мемлекеттік органдардың айыппұлдарын және құжат жүзінде расталған өзге де шығындарды өтеуге міндетті. Мұндай бұзушылық Шартты елеулі түрде бұзу деп танылады және Тапсырыс берушіге Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқық береді.

7.2.14. Жеткізуші сыбайлас жемқорлыққа қарсы, санкциялық, комплаенс-талаптарды, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің талаптарын, сондай-ақ Жеткізуші осы Шарт бойынша берген кепілдіктер мен мәлімдемелерді бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға, Жеткізушіден Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға, сондай-ақ келтірілген барлық шығындарды, шығыстарды, айыппұлдарды, санкцияларды, үшінші тұлғалардың наразылықтарын және құжат жүзінде расталған өзге де шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.2.15. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қосалқы мердігерлерді, қызметкерлерді, өкілдерді немесе өзге де үшінші тұлғаларды тартқан жағдайда, егер мұндай келісім осы Шарт бойынша талап етілсе, не мұндай тұлғалар осы Шарттың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

талаптарын бұзған жағдайда, Жеткізуші олардың іс-әрекеттері мен әрекетсіздігі үшін өзінің жеке іс-әрекеттері мен әрекетсіздігі сияқты жауапты болады. Тапсырыс беруші тиісті тұлғаны дереу шеттетуді немесе ауыстыруды талап етуге, сондай-ақ Жеткізушіден келтірілген шығындарды өндіріп алуға құқылы.

7.2.16. Жеткізушінің тұрақсыздық айыбын, өсімпұлды немесе айыппұлды төлеуі оны осы Шартта көзделген жағдайларда жеткізу, ауыстыру, кемшіліктерді жою, Жұмыстарды/Қызметтерді аяқтау, АБК-ні пайдалануға беру, құжаттарды ұсыну, кепілдікті техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету және шығындарды өтеу міндеттемелерін қоса алғанда, осы Шарт бойынша міндеттемелерді заттай орындаудан босатпайды.

7.2.17. Егер Жеткізушінің бір бұзушылығы бір мезгілде осы бөлімнің бірнеше ережелеріне сәйкес келсе, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша көзделген салдардың бірін және/немесе бұзушылық сипатына барынша сәйкес келетін тұрақсыздық айыбының бір түрін қолдануға құқылы. Бұл ретте, егер осы Шартта өзгеше тікелей көзделмесе, бір ғана бұзушылық бойынша мерзімді өткізіп алудың бірдей кезеңі үшін бірнеше тұрақсыздық айыбын есептеуге жол берілмейді. Бұл шектеу Тапсырыс берушіні шығындарды өтеуді, төленген сомаларды қайтаруды, Тауарды демонтаждауды, әкетуді, бұзушылықтарды жоюды және осы Шартта әрі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қорғанудың өзге де тәсілдерін қолдануды талап ету құқығынан айырмайды.

7.2.18. Жеткізуші міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзғаны үшін жауаптылықтан тек мұндай бұзушылық Тапсырыс берушінің өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамауынан (құжат жүзінде расталған) тікелей туындаған бөлігінде және сондай кезеңге ғана босатылады, бұл ретте Жеткізуші: 1) туындаған кедергі туралы Тапсырыс берушіге ол анықталған сәттен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлаған; 2) Тапсырыс берушінің орындалмауы Жеткізушінің өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін нақты міндеттемесін көрсеткен; 3) мұндай кедергі мен мерзімді өткізіп алу арасындағы себеп-салдарлық байланыстың дәлелдемелерін ұсынған; 4) іркілісті және мұндай іркілістің салдарын барынша азайту үшін барлық қисынды шараларды қабылдаған жағдайда ғана босатылады. Аталған хабарламаның болмауы Жеткізушіні жауапкершіліктен босату негізі ретінде тиісті мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

7.3. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Жеткізушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі кез келген соманы (тұрақсыздық айыбын, өсімпұлды, айыппұлдарды қоса алғанда) ұстап қалу фактісі туралы Жеткізушіні міндетті түрде хабардар етуге және айыппұл санкцияларының есебін қоса беруге құқылы (және Жеткізушіні осымен келіседі)

7.4. Тапсырыс беруші:

7.4.1. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ бұл мұндай мерзімі өткен төлем сомасының 10%-ынан аспауы тиіс. Осы тармақтың мақсаттары үшін мерзімі өткен төлем сомасы деп Жеткізуші осы Шарттың 2.3-тармағына сәйкес құжаттардың толық және тиісті түрде ресімделген пакетін ұсынған жағдайда, қабылданған Тауарлар, орындалған Жұмыстар/көрсетілген Қызметтер, АБК-нің тиісті Кезеңі немесе партиясы үшін Тапсырыс беруші төлеуге тиіс, Тараптар қол қойған қолданыстағы құжаттармен, соның ішінде Қабылдау-тапсыру актісімен, тауарлық жүкқұжатпен, Орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің актісімен, Техникалық актімен және/немесе ЖІІЖ-1 АБК Кезеңін/партиясын қабылдау-тапсырудың Түпкілікті актісімен және/немесе ЖІІЖ-1 АБК-ін қабылдау-тапсырудың Жиынтық Түпкілікті актісімен расталған сома түсініледі. Өсімпұл даулы сомаларға, сондай-ақ қабылданбаған, қайтарылған, ақаулы, жиынтықталмаған немесе сәйкес келмейтін Тауарлардың, Жұмыстардың/Қызметтердің, Кезеңдердің немесе АБК-нің құнына есептелмейді.

7.4.2. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге әрбір күнтізбелік күн үшін Актіде көрсетілген соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ бұл Актіде көрсетілген соманың 10%-ынан аспауы тиіс. Тапсырыс берушінің актіге қол қою мерзімін бұзғаны үшін жауапкершілігі жеткізілген Тауарға, орындалған Жұмыстарға/көрсетілген Қызметтерге негізделген бас тарту немесе ескертулер болмаған кезде, актіге қол қоюдан негізсіз жалтарған жағдайда ғана туындайды. Тапсырыс берушінің уәжді бас тартуды, ескертулерді, құжаттарды сұратуды, қосымша тексерулер немесе сынақтар жүргізу туралы талаптарды жолдауы актіге қол қою мерзімін өткізіп алу болып есептелмейді.

7.4.3. Тапсырыс берушінің төлем мерзімін елеулі түрде бұзуы салдарынан Жеткізуші Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушінің тиісті жазбаша талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұзушылықты жоймаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіден мерзімі өткен және құжатпен расталған берешек сомасының 10% мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға құқылы, бірақ бұл төлем мерзімі өткізіп алынған тиісті ЖІІЖ-1 АБК Кезеңінің/партиясы құнының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.5. Егер осы Шартта өзгеше тікелей көзделмесе, Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындау, Қызметтерді көрсету, Кезеңдерді аяқтау және кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзғаны үшін Жеткізушіге есептелетін өсімдіктер мен айыппұлдардың жалпы мөлшері Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс. Аталған шектеу Тапсырыс берушінің мынадай талаптарына қолданылмайды: 1) төленген ақшалай қаражатты қайтару туралы; 2) шығындарды, шығыстарды, мемлекеттік органдардың айыппұлдарын, сот шығыстарын және құжат жүзінде расталған өзге де шығындарды өтеу туралы; 3) ақпараттық қауіпсіздік, құпиялылық, дербес деректерді, абоненттік деректерді, коммерциялық құпияны қорғау талаптарын бұзуға байланысты талаптарға; 4) зияткерлік меншік құқықтарын, лицензиялық құқықтарды немесе бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқықтарын бұзуға байланысты; 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы, санкциялық, комплаенс-талаптарды бұзуға байланысты; 6) міндетті сертификаттаудан, сынақтардан, келісулерден, нотификациялардан немесе сәйкестікті растаудың өзге де міндетті рәсімдерінен өтпеуге байланысты; 7) Жеткізушінің, оның қызметкерлерінің, өкілдерінің, қосалқы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мердігерлерінің немесе тартылған өзге де тұлғалардың қасақана іс-әрекеттеріне, дөрекі абайсыздығына байланысты; Жеткізушінің Шартты орындаудан біржақты бас тартуына не Жеткізушінің өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзуы салдарынан Тапсырыс берушінің Шартты орындаудан бас тартуына байланысты талаптарға.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.7. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес Шартты орындауды қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан Мердігерге оның Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған залалды ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.9. Тапсырыс берушінің төлем мерзімін елеулі түрде бұзуы салдарынан Жеткізуші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кездегі Тапсырыс берушінің жауапкершілігі осы Шарттың 7.4.3-кіші тармағымен реттеледі. Сол бір негіз бойынша айыппұлды қайта өндіріп алуға жол берілмейді.

7.10. Жеткізуші қосалқы мердігерлік ұйымдар және Жеткізушінің басқа да контрагенттері көрсеткен Қызметтер үшін үшінші тұлғаларды тартқан жағдайда Жеткізуші өзінің меншікті қызметі үшін жауап береді.

7.11. Жеткізушінің және қосалқы мердігерлік ұйымдардың персоналының Шарт талаптарын орындау үшін уәкілетті құзыретті органдар мен ұйымдардан тиісті рұқсаттары болуға міндетті.

7.12. Жеткізуші Тауарды жеткізу және Қызметтерді көрсету, оның ішінде кепілді техникалық қолдау жөніндегі барлық техникалық аспектілердің орындалуына жауапты болады, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Жеткізушіде Тауарды әзірлеушімен және/немесе құқық иеленушімен тиісті келісім болуына және Қызметтер көрсетуге кепілдік береді.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Мердігерді таңдау үшін негіз болған ұсыныстыенгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға: 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабы 2-тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) Консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы анық емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтауы. Бұл ретте Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің залалды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарттың тараптарының бірі шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда ғана құқылы. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге ол нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда

8.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқаушы кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органының байқаушы кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Жеткізушіге нақты шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Заказчик өз міндеттемелерін осы Шарттың 8.7-тармағында тікелей көзделгендей елеулі түрде бұзуы салдарынан Шарт Заказчиктің кінәсінен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Заказчиктен осы Шарттың 7.4.3-тармағында көзделген айыппұлмен өтелмеген бөлігінде Шартты

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

орындаумен тікелей байланысты, құжат жүзінде расталған нақты нұсқанды және іс жүзінде жұмсалған шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы. Жіберіп алған пайданы, жанама шығындарды, ысыраптарды, күтілетін пайданы және өзге де соған ұқсас сомаларды өтеуге жол берілмейді.

8.7. Шарттың 8.6-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзуы, атап айтқанда Тапсырыс берушінің ақы төлеу мерзімін 60 (алпыс) күнтізбелік күннен артық бұзуы Тапсырыс берушінің кінәсіне жатады . Шарттың 8.6-тармағында көрсетілген шығындарға Шартты бұзу күніне Жеткізушінің Шартты орындауға байланысты нақты шығыстары жатады. Бұл ретте Жеткізуші Шарт бойынша нақты шығыстарды және нақты залалды растау үшін Жеткізуші қаржылық құжаттарды және оның Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты өзге де құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.8. Тапсырыс беруші Шарттың 8.3-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шартты орындауға байланысты нақты шығыстарды бұзу күніне төлеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарт бойынша өзі шеккен шығыстарды растайтын қаржылық құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.9. Осы Шарттың 8.5 және 8.7-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан барлық өзге жағдайларда, Жеткізуші тек өзі іс жүзінде жеткізген және Тапсырыс беруші қабылдаған, Тапсырыс беруші тағайындалуы бойынша өз бетінше пайдалана алатын және Шарттың нәтижесіне дайын күйінде қол жеткізілмеуіне байланысты Тапсырыс беруші үшін маңызын (қызығушылығын) жоғалтпаған Тауар, орындалған Жұмыстар мен көрсетілген Қызметтер үшін ғана төлем талап етуге құқылы. Тапсырыс беруші тарапынан өзге ешқандай өтемақылар, тұрақсыздық айыптары, шығындар, жіберіп алған пайда немесе басқа да төлемдер төленуге жатпайды.

8.10. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламада Шарттан бас тарту себебі, міндеттемелерді жою және Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс. Ал 8.3.2.-тармақшада, 8.3.3-тармақта және 1.13.8-тармақтарда көзделген жағдайларда Жеткізуші жазбаша хабарлама алған күннен бастап Шарт бұзылды деп есептеледі. Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарлама Шарттан бас тарту себебін және міндеттемелерді жоюды қамтуға тиіс.

8.11. Шарт бұзылған кезде осы Шарт шеңберінде жүргізілген, сомасына тауарлар жеткізілген аванстық төлемдерді (алдын ала төлемді) Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бұзылған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде қайтаруға тиіс (Шартта аванс (алдын ала төлем) көзделген жағдайда қолданылады).

8.12. Шартты мерзімінен бұрын бұзу Тараптардың бұзу туралы келісім жасасу жолымен жазбаша нысанда көрсетілген Тараптардың өзара келісімі бойынша мүмкін болады. Бұзудың шарттары мен күнін Тараптар бұзу туралы келісімде келіседі.

8.13. Жеткізушінің және оның қосалқы мердігерлерінің бір де бір директоры, қызметкері немесе өкілі қомақты құнға немесе құндылыққа ешқандай комиссиялық, қаламақы, жеңілдіктер, сыйлықтар немесе өкілдік қызметтер көрсетуді ұсынбайды және алмайды және Тапсырыс берушінің өкілі ретінде Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша хабарламасынсыз Тапсырыс берушінің қандай да бір директорымен, қызметкерімен немесе өкілімен қандай да бір іскерлік қатынастарға кіріспейді. Егер Шарт жасалған күнге дейін орын алған осы тармақтың қандай да бір бұзылуы болса, тікелей немесе жанама түрде Тапсырыс берушінің Жеткізушімен Шарт жасасуға келісіміне әкелсе, Тапсырыс беруші тек Тапсырыс берушінің қалауы бойынша кез келген уақытта Шартты бұза алады және бұл ретте, Шарттың кез келген басқа ережелеріне қарамастан, Жеткізушіге бұзылған күннен кейін жүргізілген Тауарды және көрсетілген Қызметтерді жеткізгені үшін сыйақы мен өтемақы төлемеуге міндетті.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шартқа Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қолданылады, ал өзара есептесулер, кепілдік міндеттемелер, техникалық қолдау көрсету, кемшіліктерді жою, құпиялылық, ақпараттық қауіпсіздік, дербес және абоненттік деректерді қорғау, зияткерлік меншік құқықтары, шығындарды өтеу және Тараптардың жауапкершілігі жөніндегі міндеттемелер бөлігінде — олар толық орындалғанға немесе Шартта белгіленген тиісті мерзімдер өткенге дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаты бар оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс-қимылдар, табиғи немесе дүлей зілзалалар, эпидемия, карантин, эмбарго, көтерілістер, ереуілдер, азаматтық тәртіпсіздіктер, өкімдер, үкімет билігінің бұйрықтары және уәкілетті мемлекеттік органдардың өзге де нормативтік-құқықтық құжаттары және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор) туындаған жағдайда міндеттемелерді орындау мүмкіндігінен айырылған Тарап басқа Тарапқа мұндай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі және оның себептері туралы жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ, егер оларды алу объективті түрде мүмкін болса, 10 жұмыс күнінен кешіктірмей құзыретті орган берген және мұндай мән-жайлардың туындау фактісін, сонымен қатар еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсерінен өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс. Форс-мажорлық мән-жайлардың туындауы салдарынан өз міндеттемелерін орындау мүмкін еместігі туралы мерзімде хабарламаған Тарап осындай мән-жайларға сілтеме жасау мүмкіндігінен айырылады және Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

11.3. Егер еңсерілмес жағдайлары жиынтығында күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам уақыт ішінде Тараптың өз міндеттемелерін орындамауына әкеп соқса, сол немесе басқа Тарап екінші Тарапты жазбаша хабардар ету арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

13.9. Жеткізуші осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнамасын сақтауға кепілдік береді және сондай-ақ «Кселл» АҚ-на кез келген қолжетімді тәсілдермен 8 800 080 47 47 және speakup@kcell.kz Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнамасының және Тәртіптің кез келген болжамды және нақты бұзылуы туралы хабарлауға міндеттенеді.

13.10. Жеткізуші Тапсырыс берушіге барлық қосалқы мердігерлер, жеткізушілер, контрагенттер мен аффилиирленген тұлғалар бойынша ақпаратты, оның ішінде оффшорлық аймақтарда түпкілікті бенефициарды тіркеу туралы ақпаратты ашуды және тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге және бұл ақпаратты Тапсырыс берушінің талабы бойынша ұсынуға міндеттенеді.

13.11. Жеткізуші мен оның қызметкерлері осы Баптың талаптарын ұстануға және осы Шартқа қосымша болып табылатын «Кселл » АҚ Жеткізушінің тәртіп кодексін сақтауға тиіс. Тарауға 13 тармақ қосу

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Шартты орындау барысында алынған не басқа Тараптан белгілі болған ғылыми-техникалық, технологиялық, өндірістік, қаржы-экономикалық және үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар өзге де ақпарат осындай құпия ақпарат Шартты орындау мақсатында берілуі мүмкін Тараптардың үлестес заңды тұлғаларын қоспағанда, сондай-ақ ішкі рәсімдерді одан әрі ашу құқығынсыз сақтау және осындай ақпаратқа қатысты коммерциялық құпияны сақтау мақсаттары үшін заңды негізде еркін қолжетімділігі жоқ құпия ақпарат болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды. Құпия ақпаратты жария етпеу туралы талап Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және ол тоқтатылғаннан кейін не шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қандай да бір негіз бойынша бұзылғаннан кейін 3 (үш) жыл бойы өз күшін сақтайды.

14.4. Құпия ақпарат жария етілген жағдайда, оны жария етуге жауапты Тарап зардап шеккен Тарапқа жазбаша талап алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде дәлелденген нақты залалды өтейді.

14.5. Дербес деректер. Жеткізуші осы Шартты орындау мақсаттары (дербес деректерді өңдеу мақсаты) үшін қол жеткізе алатын немесе алатын Тапсырыс беруші қызметкерлерінің дербес деректерінің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Жеткізушінің дербес деректерді шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты емес мақсаттарда пайдалануға және қандай да бір түрде, оның ішінде Шарт бойынша алынған дербес деректерді шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты емес мақсаттарда үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ, Жеткізуші осы дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап еткеннен аспайтын мерзімде сақтауға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, оларды өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін немесе оларға қол жеткізу қажеттілігі жоғалған жағдайда жояға міндеттенеді. Жеткізуші Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндетті.

14.5.1. Бұдан бөлек, Жеткізуші Шартты орындау кезінде өзі қол жеткізетін кез келген ақпараттың, соның ішінде Тапсырыс беруші абоненттерінің дербес деректерінің, абоненттік ақпараттың, CDR/IPDR, желілік деректердің, желі сәулеті, трафик, конфигурациялар, есептік деректер, қол жеткізу кілттері туралы мәліметтердің, қол жеткізуі шектелген қызметтік ақпараттың және Тапсырыс берушінің коммерциялық құпиясының құпиялылығын, тұтастығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті, бірақ онымен шектелмейді. Жеткізуші, Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз мұндай ақпаратты көшіруге, жүктеп алуға, беруге, Тапсырыс берушінің инфрақұрылымынан тыс жерде сақтауға, өзге мақсаттарда пайдалануға немесе жария етуге құқылы емес.

14.6. Жариялылыққа шектеулер.

14.6.1. Жеткізуші Тапсырыс берушіден бұған алдын ала жазбаша келісім алған жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші:

14.6.1.1. Шартқа байланысты немесе Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасындағы немесе Тапсырыс берушіге тиесілі, оның иелігіндегі немесе ол басқаратын қандай да бір объектімен немесе учаскемен қатынастарға байланысты радиохабарлар, баспасөзге арналған хабарлар, жарнамалық материалдар, ашық ақпарат және басқа да ашық хабарландырулар немесе мәлімдемелер; немесе

14.6.1.2. Шартқа немесе өнімдерге қатысты қандай да бір оқиғаларға немесе келіссөздерге немесе Тапсырыс берушіге тиесілі, оның иелігіндегі немесе ол басқаратын қандай да бір объектіге немесе учаскеге қатысты қандай да бір дыбыстық немесе аудио-жазбалар немесе көшірмелер жасамайды.

14.7. Жеткізуші Тапсырыс берушінің желілік инфрақұрылымы, желі сәулеті (архитектурасы), конфигурациялары, IP-мекенжайлары, жабдығы, бағдарламалық жасақтамасы, трафигі, CDR/IPDR, RADIUS, NAT, SPAN, абоненттік деректері, есептік жазбалары, қол жеткізу кілттері, оқиғалар журналдары, пайдалану параметрлері, тестілеу нәтижелері, осал тұстары, ақпараттық қауіпсіздік инциденттері туралы мәліметтер және Тапсырыс берушінің өзге де техникалық немесе қызметтік деректері Тапсырыс берушінің құпия ақпараты болып табылатынын таниды. Жеткізуші осы Шартқа, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Тапсырыс берушінің Жеткізушінің назарына жеткізілген ішкі талаптарына сәйкес мұндай ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

14.8. Жеткізуші осы Шарттың 3.36-тармағында, Тапсырыс берушінің Жеткізушінің назарына жеткізілген ішкі саясаттарында көзделген ақпараттық қауіпсіздік талаптарын, Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелеріне, желілік инфрақұрылымына, үй-жайларына, жабдықтарына, деректеріне және өзге де ақпаратына қол жеткізу тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

15. Өзге де талаптар

